

## 2016 жылғы халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 158-2401 қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2016 жылы 26 қаңтарда № 996 болып тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 27 қыркүйектегі № 158-1753 қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 27.09.2016 № 158-1753 қаулысымен.**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз!**

«Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 5, 7-баптарына сәйкес Астана қаласының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Халықтың нысаналы топтарына мынадай санаттар қосымша белгіленсін:
  - 1) елу жасқа толған адамдар;
  - 2) жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
  - 3) жұмыс берушінің бастамасы бойынша жалақысы сақталмайтын мәжбүрлі демалыстағы адамдар;
  - 4) мүгедек баланы тәрбиелеп отырған ата-аналар (бала асырап алушылар, қорғаншылар, қамқоршылар);
  - 5) техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарының түлектері;
  - 6) ұзақ уақыт (бір жылдан аса) жұмыс істемейтін адамдар;
  - 7) есірткіге тәуелдіктен емдеу мен оңалту курстарынан өткен адамдар.

2. «Астана қаласының Жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Ермек Сабырбекұлы Оспановқа осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін, ресми және мерзімді баспа басылымдарында жариялау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын интернет-ресурста және Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыру жүктелсін.

3. «2015 жылғы халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізімін белгілеу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 158-202 (Астана қаласының әділет органдарында 2015 жылғы 27 ақпанда № 883 болып тіркелген, 2015 жылғы 7 наурыздағы № 26 (3231) «Астана ақшамы», 2015 жылғы 7 наурыздағы № 26 (3249) «Вечерняя Астана»

